



MUNAILY EKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 11-12 (475)

22/06/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ БЕКІТІЛДІ

Бүгінгі сәндә:

Еліміздің мұнайгаз саласындағы ірі отандық ұлттық оператор – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының жаңа ұйымдастырушылық құрылымы жасақталып, Басқарманың жаңа құрамы бекітілді.

Құрылымдық өзгерістерге байланысты, Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаев Басқарма төрағасы, Қайрат Қаматайұлы Шәріпбаев Басқарма төрағасының газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары, Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары, Дәурен Сапарәліұлы Қарабаев Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры, Данияр Сүйіншілікұлы Тиесов Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Сонымен қатар, Серік

Сақбалдыұлы Әбденов Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор, Ардақ Жұмағұлұлы Мұқышов құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор қызметіне тағайындалды.

Айта кету керек, осы жылдың 12 маусымындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервистері жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалған Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры қызметін қоса атқарады.



Сауат МЫҢБАЕВ



2

Кәсіподақтың көшбасшылық мектебі



Қайрат ШӘРІПБАЕВ



Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ



Дәурен ҚАРАБАЕВ



3

«Үздік маман» байқауы кәсіби шеберлерді анықтайды



Данияр ТИЕСОВ



Серік ӘБДЕНОВ



Ардақ Мұқышов



7

«Ақбөбекте» қызық көп...



КӘСІПОДАҚТЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ МЕКТЕБІ

14 маусымда Астанада Кәсіподақ көшбасшылығы мектебі ашылды. Ашылу салтанатына ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Бақытжан Әбдірайым «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Алик Айдарбаев қатысты.

Кәсіподақ қызметкерлерінің жаңа сипатын қалыптастыру мақсатында Қазақстанда алғаш рет қолға алынған кешенді білім беру жобасының мақсаты – еңбек ұжымдарындағы оңтайлы қарым-қатынастың қазіргі заманғы тәсілдеріне үйрету. Жобаны ҚР Кәсіподақтар федерациясы мен «Самұрық-Қазына» қоры Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация орталығы бірлесе қолға алған. Оның барысында кәсіподақтық менеджмент, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, коммуникация, қаржылық және заңдық сауаттылық, қызметкерлерді басқару, дау-дамайларды шешу саласындағы өзекті мәселелер талданады.

«Кәсіподақ көшбасшылығы мектебінің білім беру курсы кәсіподақ басшыларына

жан-жақты кәсіби дағдылар мен қазіргі заманғы жұмыстың озық технологияларын оқытады. Әлеуметтік серіктестікті жоғары дәрежеде ұстап тұру үшін, ең бірінші кезекте, сауатты мамандардың керектігін айтқым келеді. Қарапайым еңбек адамдарының құқығын қорғауды жақсартуға ерекше назар аударамыз. Осы орайда «Самұрық-Қазына» қоры басшылығына аталған мәселенің маңыздылығын түсініп, Қор компаниялары тобында әлеуметтік серіктестік пен кәсіподақ қозғалысын дамытуға қолдау танытқанына алғысымды білдіремін», – деді ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Бақытжан Әбдірайым.

Осылайша Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласы мен Павлодар облысының

Павлодар, Екібастұз қалаларынан жиналған 30 кәсіподақ ұйымының басшысының қатысуымен алғашқы оқу сабағы өтті. 28 мамыр күні Маңғыстау облысында пилоттық топ жұмысы табысты өткізілді. Жыл аяғына дейін мұндай оқуға Қазақстанның барлық өңірінен кәсіподақ көшбасшылары қатысатын болады.

«Біз де өз тарапымыздан бұл қадамның маңызды әрі пайдалы екеніне қосыламыз. Бүгінгі өзгерістер сәт сайын орын алып жатқан уақытта біліктілік пен дағдыны үнемі жетілдіріп отыру қажет. Бұл жерде жақында ғана «Самұрық-Қазына» қорының жаңа Даму стратегиясы қабылданғанын, онда қарамағымыздағы компаниялардың қызмет тиімділігін көтеру көзделгенін жеткізгім келеді. Елбасы алға қойған міндеттерді орындауда кәсіпорындар кіріске жұмыс істеп, отандастарымыз ертеңгі күнге сеніммен қарауы тиіс. Бұл бағытта әлеуметтік серіктестіктен тыс, өндірістің өрлеуі де нақты ұжымдардағы кәсіподақ көшбасшыларының біліктілігіне байланысты деп санаймыз. Кәсіподақ басшылары адамдарға биік мүдде төңірегінде топтасып, жаңа заманға бейімделуге көмектескені абзал», – деді «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Алик Айдарбаев.

Кәсіподақ көшбасшылығы мектебі алты оқу модулінен тұрады: «Кәсіподақ көшбасшылығы», «Қаржы менеджменті», «Құқықтық сауаттылық және жауапкершілік», «Медиацация мен кикілжіңдерді басқару», «Персоналды басқару» және «Тиімді коммуникация». Сабақтар қорытындысында қатысушылар арнайы сынақ тапсырып, оларға сертификаттар беріледі.

Алғашқы «Кәсіподақтық көшбасшылық: бір адым алда» модулін бизнес тренер, ұйымдастырушы кеңесші, менеджмент, психология және ұйымдастырушылық тиімділік саласындағы сарапшы Ерлан Мұстафин өткізді. Бұл модульдің басты мақсаты – көшбасшылық қағидалары мен менеджменттің алдыңғы қатарлы технологиялары арқылы кәсіподақ басшыларының кәсіби деңгейін арттыру. «Көшбасшылық мектебінің негізгі идеясы – өмір бойы оқу, үйрену, іздену және озықтық қасиеттерді дамыту, қалыптастыру арқылы

мекеменің де, кәсіподақтардың және кәсіподақ мүшелерінің де бірігіп, жұмыла жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу» – дейді Е.Мұстафин.

Сәбит ТӨКЕНОВ,

«Өзенмұнайгаз» АҚ №2 СҚКБ кәсіподақ төрағасы:

– «Кәсіподақтың көшбасшылық мектебі» жобасы өте қажет. Кәсіподақтардың бір-бірімен тәжірибе алмасып, жұмыс істеуіне септігін тигізеді. Жүйелі түрде оқу кәсіподақтардың дүниетанымын кеңейтеді, білімін нығайтады. Халықпен жұмыс жасауға көмегін тигізеді.

Наурыз САҚТАҒАНОВ,

«Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ төрағасы:

– Осындай жобаның басталып, іске асырылып жатқаны өте қуантарлық жағдай. Өмір бір орында тұрмайды, уақыт өте келе жаңарады. Сол жаңашылдықпен жүру кәсіподақтарға да жауапкершілік жүктейді. Сондықтан кәсіподақтардың жан-жақты білімді, білікті болуы жолында өткізіліп жатқан тренингтердің пайдасы мол. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз.

Тұралқан БОЛЫСОВ,

«Өзенмұнайгаз» АҚ №1 СҚКБ кәсіподақ төрағасы:

– Кәсіподақтардың көшбасшылық мектебін де алған білім-тәжірибем болашақта жұмысыма да өз пайдасын тигізеді деп ойлаймын. Өткізіліп жатқан тренингтер ұнап жатыр. Өзім күткендей болып шықты. Білмегенімді үйреніп, шыңдаламыз деп ойлаймын.

Ақмұрат ЖАҚСЫҒҰЛОВ,

«Өзенмұнайгаз» АҚ ХЖЭБ кәсіподақ төрағасы:

– Оқып, әрдайым білімді жетілдіріп отырған жақсы. Осындай мектептің ашылғанына қуаныштымын. Бізге жан-жақты білім беріп, үйретіп жатыр. Алға қарай дами түсу үшін ұмтыласың. Менің кәсіподақ төрағасы болып сайланғаным 2 жыл болды. Осы мектептің бізге берері мол болады деп ойлаймын.



«ҚАРАЖАНБАС» АҚ КӘСІПОДАҒЫНА ЖАҢА ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы ауысты. Бастамашы топтың ұйымдастыруымен Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығында өткен конференция барысында жаңа төрағаны сайлау туралы ұсыныс беріліп, қатысушы делегаттардың бір ауыздан қолдауымен Құрылыс-жөндеу цехының басшысы Айтбай Қужухов төраға болып сайланды. Сонымен қатар, бұл жиында кәсіподақтың төралқа мүшелері де дауыс беру арқылы қайта жасақталды.

Конференцияға «Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ делегаттары, Астана мен Атырау қалаларындағы салалық кәсіподақтар ұйымының өкілдері қатысты.

Жаңа төраға Айтбай Төлегенұлы көпшілік сенімі үшін алғыс білдіріп, жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы міндеттерді табысты атқаруға күш салатындығын атап өтті.



БАСТЫ МАҚСАТ –

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРДЫ КӨБЕЙТУ

«Өзенмұнайгаз» АҚ Даму концепциясының бір қағидасы – геология саласында барлау жұмыстарын жүргізіп, геологиялық қорды көбейту болып табылады. Геологтар мен геофизик мамандар кенорындардың негізін анықтап, әлеуетті жерлерді барлайды, зерттейді, қажет болса қалыпқа келтіріп өңдейді. Осыған орай, «Өзенмұнайгаз» АҚ Геология және геофизика департаменті геофизика бөлімінің басшысы Ерболат Бақтияровпен сұхбаттасқан едік.

– Компаниядағы Даму концепциясының ең негізгі әрі маңызды қағидаларының бірі – геологиялық барлау. Осы бағытта компанияда қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Қазіргі таңда компания бойынша күрделі әрі ауқымды барлау жұмыстары атқарылып жатыр. Нақтырақ айтатын болсақ, 2016-2017 жж. жүргізілген сейсмикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша Қарамандыбас кенорнында Палеозой дәуіріндегі жер қабаттарына 6000 метр тереңдікте 1-А геологиялық атауы берілген барлау ұңғысының нүктесі белгіленді. Былай айтқанда, біз қазір Юра дәуіріндегі жер қабаттарын игеріп жатырмыз, бұл орташа 1100-2500 метр тереңдікті құрайды. Ең терең қазылған ұңғы Триас дәуірі, оның тереңдігі 4500 метр құрайды. Осы уақытқа дейін Өзен кенорнында бұрын-соңды 6000 метр тереңдікке скважина қазылмаған болатын.

Осы барлау скважинасын қазу арқылы геологиялық қорды көбейтеміз деген сенімдеміз.

Кенорындарды зерттеудің ең алғышарты – сейсмикалық жұмыстар жүргізу болып табылады. Сейсмикалық жұмыстар жүргізілгенде, жер қабатына сейсмикалық толқындар жіберіліп,

оны арнайы мамандар бағдарламамен өңдеп, жер астында қандай тереңдікте белгілі бір көмірсутектер бар екендігін анықтайды. Сейсмикалық зерттеулер өңделгеннен кейін бізге жерасты байлығының мұнай әлде газ екені белгілі болады. Содан кейін, тиісті геолог, геофизик мамандар бірлесе отырып, барлау ұңғысының нүктесін жоспарлайды.

Барлау скважиналарынан алынатын геологиялық, геофизикалық мәліметтердің маңызы өте зор болып саналады, олар арнайы геологиялық қорда сақталады. Барлау скважинадан міндетті түрде тасбаған (тау жынысының бір бөлігі) алынады. Яғни, бұрғылау жұмыстары қазылып жатқан кезде арнайы ыдысқа салып, жер қыртысындағы қабаттың бір бөлігін алып шығады. Алып шыққан тасбағанды ғылыми-зерттеу институттары қабаттың мұнай беру қабілеттілігін, оның қандай көмірсутекпен қаныққандығын, өткізгіштігін және тағы басқа параметрлерін анықтайды. Сондай-ақ, бұрғылау кезінде геофизикалық зерттеулер жүргізу тиісті шара болып саналады. Барлау скважинасын қазу кезінде толыққанды ақпарат алу мақсатында, арнайы геофизикалық зерттеулер жүргізіліп отырады. Геофизикалық зерттеулердің



қорытындысы бойынша қай тереңдікте қандай қабаттар бар, сол қабаттардың мұнай-газ немесе сумен қаныққандығын анықтап береді. Анықталған әлеуетті мұнай қабатын ату-жару арқылы игеру жұмыстары басталып кетеді. Қабатты игеру кезіндегі алға қойған жоспарымыз ойдағыдай болса, келесі бұрғылау нүктелері қойылып, ары қарай кешенді шаралар жасақталады.

– Жартығасырлық тарихы бар Өзен кенорнында әлі бұрғылау түспеген жерлер бар ма?

– Өзен және Қарамандыбас кенорындарында әлі бұрғылау түспеген жерлер жеткілікті. Бүгінде жүріп жатқан жоғары ажыратымдылық сейсмикалық жұмыстардың мәліметіне сүйене отырып, жаңа мұнай-газ көздерін табамыз деген үмітіміз бар. Мәселен, 2016-2017 жж. жасақталған сейсмикалық зерттеулердің қорытындысы бойынша Қарамандыбас кенорнында Палеозойден мұнай көздері бар екендігі анықталды.

– Жерасты геологиялық қорын көбейту үшін тағы қандай шаралар іске асырылуда?

– Геологиялық қордың С2 деген категориясы бар. Бұл мемлекеттік қорда арнайы есептелмеген, тек қана геологиялық және геофизикалық мәліметтерден мұнай-газ көзі бар екені анықталған өндірістік емес қор болып саналады. Соны С1 мемлекеттік есепте тұрған категориясына ауыстыру мақсатында Қарамандыбас кенорнына кешенді шаралар жасақталып, орындалуда. Кешенді шарада тиісті скважиналарда жасақталатын жұмыстар толық қарастырылған. Шараның орындалысын біздің департамент қадағалайды. Мұндай жұмыстар 2016 жылы Өзен кенорны бойынша жүргізіліп, геологиялық қорға қосымша 1 307 000 мың тонна мұнай және 2017 жылы

Қарамандыбас кенорнының 25 қабаты бойынша 49 330 тонна қосымша мұнай аударылды.

Бұдан басқа, 2018-2019 жылдары Қарамандыбас кенорны бойынша 9 игеру қабаттарына (13-15,19-24) осындай С2 категориясынан С1 категориясына мұнай қорын аудару жоспарлануда. Осының арқасында геологиялық қорымыз тағы да 7 983 000 тонна мұнайға өседі деген болжам бар. Әрбір қабатты атып-жарып, геофизикалық, гидродинамикалық зерттеулер, скважиналарды жіберіп, игеру нәтижесінде алынған өнімді актілеу сияқты жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Мұны «Қазақ ғылыми зерттеу және мұнай-газ жобалау институты» ЖШС мамандары өңдеп, толық есеп жасақтап, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қор жөніндегі комитетінде қорғап, мемлекеттік балансқа алынады. Мемлекеттік балансқа енген мұнай қорын тиімді өндіру мақсатында, «Қазақ ғылыми зерттеу және мұнай-газ жобалау институты» ЖШС-ның жасаған геологиялық-гидродинамикалық моделін кең ауқымда пайдаланудамыз. Мұнда әр скважинаның тарихы, барлық жасалған шаралары арнайы бағдарламаға енгізілді. Компьютерде отырып, әрбір скважинаны көріп, әрбір қабатты, соған сәйкесінше геологиялық-техникалық шара жасақтап, өндірілетін өнімнің тиімділігін арттырып отырмыз.

Даму концепциясы тәжірибеде бұрыннан бар дүние. Ал қазіргісі, бұрыннан қолданылып жүрген әдістерді ауқымды түрде жаңалап, қайта жаңғыртып, іске асыру арқылы өндірілетін өнімнің сапасын жақсартып, көлемін ұлғайту. Ең басты мәселенің бірі – мамандардың біліктілігін көтеру, тәжірибесін арттыру, кенорыңды игеру тиімділігі және өнімнің сапасын мен мөлшерін көбейту.

«ҮЗДІК МАМАН» БАЙҚАУЫ КӘСІБИ ШЕБЕРЛЕРДІ АНЫҚТАЙДЫ



Қаражанбас кен орнында 28 сәуір мен 20 мамыр аралығында компания жұмысшыларының қатысуымен «Үздік маман-2018» кәсіби шеберлік байқауының бірінші кезеңі аяқталды.

«Қаражанбасмұнай» АҚ №1, №2 МӨЦ, МДАЦ, ҚҚҰЦ, БӨЦ, ЭЦ, ӨАЦ, ФЗӨЖЦ, ЖТБЖИЖЦ, ГЦ, ҚЖЦ, ЖСКЦ, МТЖБ цехтарынан барлығы 304 жұмысшысы бақ сынаған кәсіби сайыс екі кезең бойынша өтіп, мамандықты кәсіби деңгейде меңгерген үздіктерді анықтауға мүмкіндік берді.

Биыл оныншы жыл қатарынан өтіп отырған сайыстың өзіндік маңызы зор. Алғашқы кезеңде қатысушылар тест тапсырып, екінші айналымда практикалық сынақтан өту олардың өз мамандығын қаншалықты жетік меңгергендігін көрсетті. «Үздік маман» сайысына жыл сайын қатысуға ниеттілердің қатары артып келе жатқаны байқалады. Жұмысшылардың жан-жақты дайындығы олардың қаншалықты білікті екендігін көрсетіп отыр.





«ЕМБІМҰНАЙГАЗ»: ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУҒА – ЖАҢА ҚАДАМДАР

«Ембімұнайгаз» АҚ өз активтерін арттыру мақсатында белсенді жұмыстар атқарып келеді. Соның ішінде, толық барлау жұмыстары мен компанияның қорларын көбейте алатын жаңа құрылымдарды іздестіру шаралары да қолға алынуда. Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Қайрат ӘДІЛБЕКОВ бізбен сұхбатында бұл жұмыстың қалай жүргізіліп жатқанын айтады.

– Компанияның балансында ескі кен орындары көп. Сол себепті, Компанияның қорларын үнемі ұлғайту бағытында жұмыс жасауға тура келеді. Қорларды толықтырудың пайызы қандай?

– Иә, шынымен «Ембімұнайгаз» АҚ балансында сонау 1900 жылдары ашылған кен орындары бар. Қазіргі таңда Компания балансында барлығы 43 кен алаңы болса, соның ішінде тоғыз – консервацияда.

Компанияда барлау және толық барлау жұмыстарын жүйелендіру және жаңа технологияларды өндіріске енгізу бағытында ауқымды жұмыстар жүреді. Бұл қадамдар, өз кезегінде, кейбір кен орындарының жұмыс жасау кезеңінің ұзақтығына қарамастан, қорларын арттыруға септігін тигізеді. Ембілік геологтардың қажырлы еңбектерінің арқасында соңғы жылдары өндіріліп жатқан кеніштерде толық барлау жұмыстары жүргізіліп, өнім өндіру көлемін жылдық межеде сақтауға мүмкіндік туып отыр.

Жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде С.Нұржанов, Шығыс Мақат, Батыс Прорва, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Жаңаталап, Уаз, Аққұдық кен алаңдарының бастапқы қоры ұлғайып, мұнайлы аудандары кеңейтілді.

Шығыс Уаз (Тайсойған), Орталық Новобогат (Лиман) кен орындары ашылды. Барлығы 5 миллион тоннадан астам мұнай өнеркәсіптік категорияларға ауыстырылды, олар қазірдің өзінде игерілуде.

– Компания геологиялық барлау бағытында қандай жұмыстарды жүргізуде? Келешекке жоспарларыңыз қандай?

– «Ембімұнайгаз» компаниясы кен алаңдары тобына соңғы жылдары жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының қорытындысына сәйкес қолданыстағы кен алаңдарда толық барлау және жаңа алаңдарда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу арқылы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгенімізді атап өту керек.

Жаңа технологияларды пайдалану алынатын материалдың сапасына да оң әсер етіп, соның негізінде түскен мәліметтер егжей-тегжейлі сараланып, тиімді жоспар құрылады.

Компаниямыз келісімшарт аумақтарындағы геологиялық барлау жұмыстары көлемін жүйелі түрде арттырып келеді. Жақын арада ЗД-ЖТНӨ (МОГТ) сейсморазлау барлау жұмыстары ауқымын арттыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, іздестіру-барлау бұрғылау жұмыстарының көлемі де өсуде.

Бұдан басқа аймақты зерттеу бағытында да жүйелі шаралар қолға алынды. Жинақталған материал мен зертханалық зерттеу жұмыстарының қорытындылары Каспий маңы

ойпаты оңтүстік бортының тұзүсті кешеніне қосымша зерттеулер жүргізу қажет деп қорытынды жасауға және Каспий маңының орталық бөлігінде кішігірім кен орындарын ашудың жоғары перспективасы бар деп мәлімдеуге мүмкіндік береді.

Мәселен, мұнайдың геохимиялық зерттеулерінің нәтижелері бойынша Каспий маңы ойпатының әр аумақтары бойынша белгілі бір заңдылықтар анықталды. Қорытынды нәтижелерді алғаннан кейін келесі жылдың басында толық және кеңейтілген ақпаратты ұсынамыз.

Геохимия бойынша қорытындылар сейсмикалық және іздестіру-бұрғылау деректерімен өзара байланыстырылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-мен келісілгеннен кейін жұртшылыққа таратылады. Менің ойымша, қорытындылармен танысуға бәрі қызығушылық танытуда.

– Сіз өз сөзіңізде компанияда іздестіру-барлау бұрғылау жұмыстарының көлемі де өсіп отырғанын айтып өттіңіз. Кәсіпорын 6 шақырым тереңдікте бұрғылау жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырғаны белгілі. Осы жөнінде толығырақ айтып өтсеңіз...

– Иә, соңғы кезде ЕМГ іздестіру-барлау бұрғылаудың көлемін өсіруде: 2015 жылы 5 ұңғы бұрғыланса, 2016 және 2017 жылдары сәйкесінше 11 және 14 ұңғыда бұрғылау жұмыстары жүргізілді.

Бұдан басқа, айтып өткенімдей, жаңа технологияларды қолдану сапалы жаңа деректерді алуға мүмкіндік береді, бұл алаңдарымыздың жағдайын жақсы түсінуге және жаңа кен орындарын ашуға мүмкіндік береді. «Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс көлемінің артуын міндетті түрде жаңа кен орындарының ашылуымен байланыстыру керек. Қазақстан нарығындағы технологиялардың дамуы тереңдікті зерттеуге мүмкіндік береді.

«Ембімұнайгаз» АҚ мамандары жақын маңдағы аумақтарда жаңа орташа тұзүсті және ірі тұзасты кен орындарын ашу үшін үлкен талдамалық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде тұзүсті және тұзасты шөгінділерінде мұнайлы нысандар анықталды. Мәселен, қолданыстағы Қаратон, Уаз, Досмұхамбетов, Ақтөбе және басқа да кен орындарындағы жерасты кешенінде бұрғылауға жаңа перспективалы құрылымдар дайындалуда.

Сонымен қатар, бұдан әрі геологиялық барлау мен тереңдікте бұрғылау жұмыстары жүргізілетін тұзасты объектілер анықталды. Тереңдікте бұрғылауға дайындалған құрылымның бірі Қаратон-Сарықамыс келісімшарт аумағында орналасқан.

Бұрғылау жұмыстарын жүргізу 2018 жылға жоспарланған. Жер қойнауын пайдаланудан өзге аумақтарда орналасқан құрылымдар бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне тұзасты шөгінділерді барлауға арналған жаңа барлау келісімшарттарын алу туралы өтінімдер жіберілді.

– Бізге белгілі болғандай, Сіз Компанияның геологиялық барлау бағытымен қоса өзге салаларға да жетекшілік етесіз. Жоспарыңызбен бөлісіп өтсеңіз.

– Иә, қызмет бабында геологиялық барлау бағытымен қоса кен орындарын игерудегі жаңа әдістер мен технологияларды енгізу жұмыстарын да жүргізіп келеміз. Бұл да негізгі бағыт десек, қателеспейміз.

Сіздер білетіндей, Компанияның негізгі кен орындары – өнім берудің соңғы сатыларында. Бұдан басқа, тұтқырлығы төмен мұнайға толы нысандардың қормен қамтылу деңгейі де төмен екендігін де атап өту керек.

Алдағы 10 жылдағы мұнай өндіру болжамына сәйкес, жеңіл мұнайдың ресурстық базасы азаяды, дегенмен, тұтқырлығы төмен мұнайдың қоры айтарлықтай өзгермейді. Геологиялық барлау жобаларында, әдетте, барлау, жобалау жұмыстарын мақұлдауға, кен орындарын жабдықтау және іске қосуға ұзақ уақыт кетеді. МГӨБ-нің геологиялық қызметі жеңіл мұнайдың қоры азайғанда, тұтқырлығы төмен мұнайлы нысандарға көшуге мәжбүр болады.

Бұл нысандар тұтқырлығы жоғары мұнайдан бөлек әлсіз цементті күрделі жыныс құрамынан тұрады, ондағы құм «байланысушы» қормен араласа отырып, мұнайды тауарлы күйге дейін жеткізе дайындау лифтингі мен дайындығын қиындата түседі.

Бүгінгі таңда қордың 40 пайызынан астамы тұтқырлығы жоғары мұнайға сәйкес келеді. Жыл сайын бұл теңдік кедергілері бар нысандардың қалдық қорларын арттыру бағытына қарай өзгеріп отырады.

Жоғарыда аталған мәселе тұтқырлығы жоғары мұнай қорын жасақтау қарқынын арттыру бағытындағы шешімдерді іздеуге және кедергілері бар нысандармен тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік беретін технологияларды іріктеуге ынталандырады.

Бүгінде өндірісте кен орындарын игеру тиімділігін арттыру, оқшаулау жұмыстары, асфальтты шайырлы парафиннен тазарту, ілеспе мұнай газын қолдану, қалдықтардың шектеулі мөлшерін қолдану, энергияны үнемдеу, алыстан өлшеу, ұңғыларды зерттеу сынды туындаған мәселелерді шешу мақсатында негізгі бағыттар анықталды. Соның ішінде, өндіріс көлемінің азаюы едәуір байқалатын кен орындарын игеру тиімділігін арттыру, оқшаулау жұмыстары, асфальтты шайырлы парафиннен тазарту негізгі бағыттар саналады.

Маңызды міндеттерді шешу бойынша суды қойнауқат қысымын сақтауға дайындау мен шаруашылық және тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдалану мәселелерін пысықтау жоспарланып отыр.

Шалғайда орналасқан кен алаңдары үшін күн батареялары, жел энергиясы мен газ генераторлары пайдалануға мүмкіндік беретін баламалы энергия көздерін жеткізу де маңызды мәселе болып табылады. Қазірдің өзінде тоғыту ұңғымаларының қабылдағыштығы мен сұйықтық, газ, су есебінің заманауи жүйесін қолдану және деректер сапасы талқыланып, зерттелуде.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 2016-2017 жылдары жүзеге асқан жобалар есебімен қосымша өндіру көлемі 39 790 тоннаны, ақшалай қаражат баламасы 2 млрд теңгені құрады. Өнеркәсіптік тестілеу сынақтарының тиімділігі Қоғамның негізгі өндірісіне үлкен үлесін қосуда. Екі жылдың ішінде 30 өнеркәсіптік тестілеу сынағы жүргізіліп, оның жартысынан астамы сәтті жүзеге асты.

– Сұхбатыңызға рахмет!



«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

2027 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ

Даму тұжырымдамасына сәйкес мақсатымыз

- Мұнай қорларының және мұнайды өндіру көлемінің артуы *.
- Менеджментті ұзақмерзімді басымдықтар мен маңызды жобаларға бағыттау.
- Инвестициялық әлеуетті жүзеге асыру **.

Компанияның миссиясы қандай?

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

10 жылдан кейін Ембі қандай болады?

2027 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ ұзақмерзімді дамуы қамтамасыз ететін жоғары білікті қызметкерлері мен тиімді ресурстық базасы бар, қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына сай келетін, мажоритарлық мемлекеттік қатысуы бар, тиімділігі жоғары мұнай-газ компаниясы болады.



Компания қандай даму жоспарын таңдады?

ҚОРЛАР



2018 ж. — 75,49 млн. тонна
2027 ж. — 184,68 млн. тонна

барлық кен орындарының орташа игерілуі 69%-ды құрайды

ӨНДІРУ КӨЛЕМІ



2018 ж. — 2,9 млн. тонна
2027 ж. — 3,1 млн. тонна
2032 ж. — 11,3 млн. тонна

мұнайды шығарудың ағымдағы коэффициенті 0,284

0,412-ге дейін жеткізу

* жаңа активтерді алу және жаңа геологиялық барлау жобалары мен толық барлау жұмыстары есебінен
** тұрақты дамуы қамтамасыз ететін 30-дан астам жоба

Біз қандай мақсаттар қоямыз?

Ресурстық базаны ұлғайту арқылы ЕМГ АҚ-ның тұрақты әрі ұзақмерзімді (25 жылдан астам) дамуын қамтамасыз етіп, тұрғындардың жұмыспен қамтылуын және акционерлік құнды қалыптастыруды жүзеге асыру, ол үшін:

- қолданыстағы және жаңа келісімшарттарға сай геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- қолданыстағы кен орындарында қосымша барлау жұмыстарын жүргізу.

Өндірістік үдерістердің үздіксіздігін қамтамасыз ету – ұнғымалардың жөндеуаралық кезеңін арттыру, арнайы техника паркін пайдалану коэффициентін арттыру және мұнай кәсіпшілігі жабдығын жаңарту бағдарламасын жүзеге асыру.

Газ бизнесін дамыту – ілеспе газды өңдейтін қолданыстағы қондырғыларды жаңғырту және жаңа қондырғылардың құрылысын жүргізу, метанол өндірісі.

Меншікті электр энергиясын өндіру – газ-поршенді электр станцияларын салу бойынша шараларды жүзеге асыру.

Өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды қолдау – автожолдарды салу мен жөндеуді жүзеге асыру, жұмысшылардың баспанасы мен тамақтануы бағытындағы міндеттерді шешу.

Жер қойнауын тиімді пайдалану және қоршаған ортаға теріс ықпалды төмендету – өндіріс өсімі кезінде экологияға теріс ықпалды төмендететін жаңа технологияларды (энергия тиімді) енгізу.

Біз қойылған мақсаттарға қалай қол жеткізе аламыз?

Компания дамуында ӘР қызметкердің рөлі маңызды. Компания МИССИЯСЫН басшылыққа алып, оның ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН бөлісіп және күнделікті тынбай жұмыс істеу арқылы біз барлық мақсаттарға ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАМЫЗ!



Компания қандай құндылықтарды басшылыққа алады?

Адам өмірі – біздің басты құндылығымыз.

Өзіміз және әріптестеріміз үшін қауіпсіздік мәдениетін енгізу арқылы жұмысшыларымыздың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету. Жұмысқа келген қызметкер отбасына аман-есен оралуы тиіс.

Әр істі соңына дейін жеткіземіз.

Компания алға қойған мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге тырысады. Біз жақсы нәтижеге қол жеткізуге ынтасы жоғары жұмысшыларды бағалаймыз.

Туған жер мен Компанияға ұқыпты қарау.

Компания қоршаған орта мен Компания мүлкіне ұқыпты қарайтын қызметкерлерді бағалайды.

Кәсібилік. Компания өз жұмысшыларының кәсіби біліктілігін арттыру үшін барлық жағдай жасауда. Біз білімін жетілдіруге ынтасы бар жұмысшыларды бағалаймыз және кәсіби тұрғыда өсуге бәріне бірдей жағдай жасаймыз.

Этика және жеке тұлғаға деген сыйластық.

Компания сыйластық пен сенімге негізделген өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ұмтылады.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІНЕ 5 ЖЫЛ

ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі 2013 жылдың 1 наурызында Қоғамдық бірлестік болып құрылды. Алғашқы төраға болып №3 МГӨБ топтық қондырғы шебері Асқар Ноғаев болды. Қазір аталмыш кеңеске Жұртшылықпен байланыс департаментінің маманы Бауыржан Бәйімбетов төрағалық етіп келеді. ЖМК компанияда бекітілген ереже бойынша жұмыс істейді. Компанияда 18 бен 35 жас аралығындағы 3 мыңға жуық мықты мамандар еңбек етеді. Кеңес құрамында 400 маман бар. Олардың 50-і ғана белсенді жастар қатарына жатады. Үздіксіз жүріп жатқан өндіріс жұмысына кедергі келтірмеу үшін жастар шараларды көбінесе жексенбі күндері немесе жұмыстан кейін өткізіп жатады. «ӨМГ» АҚ Жаңаөзенде қала құраушы ірі компания болып саналатындықтан, қала жастары компания жастарына қарап ойын да, бойын да түзейді. ЖМК «компанияма пайдалы бір нәрсе істесем» дегенді өздеріне ұстаным етіп алған. Олар қоғамдық өмірге, әлеуметтік салаға, әр түрлі шараларға белсенді атсалысады. Келер заман ой тереңдігі, өренің биіктігімен бәсекелесетін заман екені баршаға белгілі. Кеңестің басты бағыттарының бірі – өнертапқыштық және инновациялық жобаларды өндіріске енгізу. Жастар қашанда жаңашылдыққа ұмтылады. Олардың жаны жаңалыққа құмар. Жастар жаңаны тез үйренеді, тез қабылдайды, тез шешім шығарып, тез бейімделеді. «Үздік өнертапқыштық жобалар байқауын» өткізу дәстүрге айналды. Байқау бірнеше сатыдан тұрады. Іріктеуден өткен жобалар «ҚМГ» ҰК» АҚ жол тартады. ЖМК озық ойлы жастары өнертапқыштық, инновациялық жобаларын апарып, өзгелермен үзегі қағыстырып, сайысқа түсті.

«ҮЗДІК ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ» ТУРАЛЫ

Бұл байқауға «Өзенмұнайгаз» АҚ кем дегенде 6-7 маман қатысып, бағын сынайды. Мәселе әрине, санда емес, сапада. №3 МГӨБ жұмыскері Жасұлан Қарақұлов бас жүлде иеленді. Ол күнделікті жұмысын атқару барысында флянцтердің арасын кергіш жобасын сайысқа ұсынған болатын. Бұл күнделікті қажеттіліктен туындаған жоба. Әрине, бұл жобаны жасап шығу үшін Жасұлан біраз уақытын жұмсады. Өндіріске өте тиімді әрі пайдалы жобаның авторы «ҚМГ» ҰК» АҚ президенті Сауат Мыңбаевтың Алғыс хаты мен тиісті сыйлығын өз қолынан алып келді. Соңғы жылдары компанияда өнертапқыш жігіттер саны артып келеді. Солардың қатарында Жарылғап Өтешов, Бекназар Таласбаев, Мұрат Ақын, Әлібек Қосжанов, Қадырхан Есімбетов, Әділжан Үсенов, Дамир Шырақбаев, Ақжігіт Түйешиев, Мақсат Жамилов, Ерлан Тағаев сынды жас мамандар бар.

ЖАС МАМАНДАР АТҚАРҒАН ШАРАЛАР

«Кез келген елдің болашағын көргің келсе, сол елде тұрып жатқан жастардың тұрмыс-тіршілігіне қара» деген сөз бар. Ендеше, 5 жылда ЖМК не істеді? – деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толуына орай Маңғыстау облысы бойынша жас мамандар арасында спартакиада ұйымдастырды. Бұл шараға облыс бойынша 8 команда қатысты.

Жыл сайын наурызда Отпан таудың басында өтетін бірлік пен мейірім мерекесі Амал, Наурызды тойлауға барынша белсенді қатысады. Ұлық мерекеге алыс-жақын шетелдерден

қандастарымызды қонаққа шақыртуды қолға алған да ЖМК болатын. Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне Орынбор, Астрахань, Қорғаннан қонақтар келеді. Мақсат: түбіміз бір түркі екендігімізді аңғарту, рухани байланысты, бауырластықты нығайту.

ЖЫЛЫНА ТӨРТ РЕТ «ОЙ ДОДА» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫНЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Түрлі спорттық және қайырымдылық шараларын ұйымдастырады. Оның ішінде ұлттық ойындарға басымдық берілуде. Әсіресе, садақ ату, аударыспақ, асық ойындарына жас мамандар аса қызығушылық танытты. Қайырымдылық шарасы аясында қаладағы қамқөңіл жандарға, жалақысы аз «Тазалық» мекемесінде жұмыс істейтін апайларға «Кендірлі» демалыс аймағына бір күндік жолдама алып берді. Білімділік пен біліктілікті дамыту, жетілдіру үшін әр түрлі тақырыпта тренингтер өткізеді.

«Күміс көмей» атты эстрадалық және дәстүрлі әндер байқауы ұйымдастырылды. Жылына 4 рет «ӨМГ» АҚ қарасты 16 басқарма арасында «Жайдарман» әзілкештер сайысы өтті.

«Бабалар жүрген ізбенен» танымдық-экспедициясын ұйымдастырады. Мақсат: әр жасқа туған жердің әр түйір топырағынан қасиет іздеу, әр тал шөбіне үңіле білуді үйрету.

Сонымен қатар, «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны» байқауларын өткізді.

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҰСЫНЫСЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов ЖМК кездесіп, әңгімелесті. Арқажарқа сөйлесіп, өзара пікір алмасты. Болашақта

«Жас өнертапқыштар комитетін» құру туралы ұсыныс жасады. Бұған өзінің тікелей қолдау көрсететінін айтты. Бас директор келесі жылы 55 жылдық мерейтойын тойламақшы болып отырған компанияға міндетті түрде мұражай керектігін баса айтты. «Жастардың ойы техникаға, өнертапқыштыққа ауғаны мені қатты қуантады. Тілімен ойды орып, қырды қырып жүргендей сөйлейтіндердің заманы өтті. Қазір технократтық заман!» – деді бас директор.

АСТАНАДА 6-ШЫ РЕТ ӨТКЕН ЖАСТАР КҮНІ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ

Шарада ресейлік «Смыслотека» компаниясының тренерлері «Объясняшки» бағдарламасының презентациясын өткізді. Жас мамандар топқа бөлініп, ойлап тапқан сюжеті бойынша видеоролик дайындап, көпшілік назарына ұсынды. Мұндай бағдарлама кішкентайларға қарапайым ертегіні бейнелеп айтудан бастап, компанияның презентациясын дайындауға көмектеседі.

Кешкі ас кезінде арнайы шақырылған би тренері жас мамандарға «Сальса» биінің қырсырын таныстырды.

«Жас мамандар күні маған не берді?» – деген тақырыпта 10 спикер TED форматында презентацияларын ортаға салды.

«Intellectual battle» зияткерлік сайысы ұйымдастырылып, үздіктер марапатталды.

ЖМК ТӨРАФАСЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ

Болашаққа қызмет еткіміз келеді. Жоспар көп, халық мұраты жолында кешегі алыштар дәуіріндегі ата-бабаларымыз секілді қалқадірімізше ұлтқа қызмет еткіміз келеді. Біздер, жас мамандар, заманға бейімделіп, белді бекем буып, білек түріп, еңбекке араласып, Абай хакім айтпақшы, сауда жасап, ілім-білімге бас қоюымыз керек.



“ӨзенМұнайГаз” АҚ ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІ





«АҚБӨБЕКТЕ» ҚЫЗЫҚ КӨП...

Бүгінгі күні «Кендірлі» демалыс аймағында 250 бала демалуда. Балалардың әрбір күнін естен кетпес қызықты да пайдалы етіп өткізу үшін 30 жетекші-маман арнайы жасақталған бағдарламамен жұмыс істеп жатыр.

Лагерь басшысы Юсуф Қонақбайұлы балаларға арналған 25 үйірменің жұмыс жасап жатқанын айтты. «Біз мұнда балалардың зерігуіне жол бермейміз. Күні кеше балалар арасында ұлттық спорт ойындарынан сайыс өткізілді. Бұл сайыс балаларды батырлық пен батылдыққа тәрбиелейді» – деді ол.

Асхана меңгерушісі Жаңыл Шырақбаева теңіз жағасында балалардың тәбеті ашылып кететіндігін, олардың көңілінен шығу үшін асхана аспаздарының бар шеберліктерін салатындығын алға тартты. «Тағамның 50-60 пайызы жеміс-жидек, сүт өнімдерінен тұрады. Таза әрі жеңіл тамақ жеген бала өзін үнемі сергек сезінеді. Тәбет тағам үстінде ашылмақ демекші, асханаға бас сұққан балалардың жүздері қуаныштан жайнап сала береді. Ба-

лалар біз әзірлеген тамақты тауысып жесе, біз мәз болып қаламыз», – дейді ол.

Лагерьде балалардың демалысты қызықты әрі тиімді өткізілуіне барлық жағдай жасалған. Олардың жүзінен қуаныштың жарқынын сезінесің.

Раушан ЕГІЗБАЕВА, жетекші, педагогика ғылымының магистрі:

– Интернет алдында үнемі байланып отыратын бала далаға шығып ойнамайды, қыдырмайды, қолына іліккенін жеп, көзі талғанына қарамай, экранға барлық көңілі кетіп отыра береді. Осыдан келіп, ағзадағы зат айналысы, қан айналымы бұзылады, тамақтың калориялары жұмсалмай, бала май жинайды. Жүрек қан тамырларының қабырғасына май жиналып, талма ауруы пайда бола бастайды. Иммуитет әлсірейді. Бала айналасына самарқау қарайды. Біз осы олқылықтың орнын толтыру үшін әртүрлі спорт сайыстарын өткізіп жатырмыз. Сайыс балалардың өзара ынтымағын күшейтіп, достығын дамытады.



Манас АЙТҚҰЛОВ

– Мен «Ақбөбекке» келіп, Бекмұрат, Еркебұлан, Заманбек деген достар таптым. Осы достарыммен бірге футбол ойнаймыз. Суға бірге түсеміз. Тамағы да ұнап жатыр. Әсіресе, компоты дәмді-ақ! Теңіздің суы жып-жылы! Әсіма апай бізбен бірге ойын ойнап, би билеп, ән салады. Балаларға да, жетекші апайға да әбден бауыр басып қалдым. Он күн тез өтіп кетті. Тағы да қалғым келіп тұр.



Ғазиза БАЙМҰРАТОВА

– Мен құммен сурет салатын үйірмеге қатысып жүрмін. Құммен сурет салған өте қызық екенін осы уақытқа дейін білмей келіппін. Сусыған құм көз алдында аңға да, ағашқа да айналып шыға келеді. Құммен сурет салу-адамның қиялына қанат бітіреді. Аружан, Кәусар деген қыздармен достасып кеттім. Үйді аздап сағымдым. Осындай керемет демалыс ұйымдастырған ағаларға рахмет айтамын!

«МЕДИКЕРГЕ» МҰНАЙШЫЛАР ДӘН РИЗА

«Кендірлі» демалыс аймағында орналасқан «Медикер» медициналық-сауықтыру орталығында бүгінгі күні 79 адам демалып, ем-дом қабылдап жатыр. Орталық терапевт-дәрігері Зәмзә Ғаббасқызының айтуынша, мұнда мұнайшылардың көбісі буын және бел ауруымен келетін көрінеді.



«Жалпы адам баласы жасы ұлғайғасын жылына бір рет дәрігерге қаралып, қан қысымы,

жүрек қағысы, асқазан, ұйқы безі, бауыр деген ішкі құрылысын тексертіп тұруды әдетке айналдырғаны жөн», – дейді дәрігер.

Демалушылар өздеріне көрсетілетін қызмет сапасының жоғары деңгейде екендігін айтты. Асхана тамағының анағұрлым жақсарғандығына тоқталып өтті. Дәрігер-терапевт Зәмзә Ғаббасқызына, аға мейірбике Ақбибі Жұбанқызына, шаруашылық бөлім меңгерушісі Балбибі Құттығұлқызына риясыз еңбектері үшін шексіз алғыстарын білдірді.

Амантұрлы БАЙБОСЫНОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ, №4 МГӨБ зерттеу цехы операторы:

– Маңғыстау жалпы Құдайдың нұры жауған өңір ғой. Демалыс орны керемет. Буланып отыратын ағаш қауғада ем қабылдау да бір



ғанибет. Денсаулықты нығайтуға үлкен пайдасы бар деп ойлаймын.

Анар ДОСАНОВА,
«Өзенмұнайгаз» АҚ, №1 МГӨБ, 4 «а» ШСС машинисі:

– Осы жерге екінші рет келіп демалып жатырмын. Демалыс тамаша өтіп жатыр. Бір жақсысы, мұнда алаңсыз демалады екенсің. Еміңді аласың, таңертең йодты ауаны көкірек кері жұтып тұрып рахаттанып қаласың. Ас мәзірі күнде өзгеріп тұрады. Тамағы дәмді-ақ! Ал дәрігер мен мейірбикелердің сыпайы қарым-қатынасына қарап көңілің көтеріледі. Тіпті

осы жерден кеткім келмей тұр. Теңіз жағасына біздер үшін осындай ишпажай салып берген компания басшыларына алғысым шексіз.





ҚЫЗМЕТТЕ АДАЛ, ОРТАСЫНА СЫЙЛЫ БОЛҒАН АЗАМАТ



Жаңаөзен жұртшылығы 2018 жылдың маусым айының 10-күні еліміздегі мұнай және газ өндіру саласының дамуына елеулі үлес қосқан белгілі тұлға, алғашқы кен игерушілердің бірі, «ӨзенМұнай» мұнай және газ өндіру басқармасының еңбек сіңірген қайраткері Орынбек Абишаевпен мәңгілікке қоштасты.

Саналы ғұмырының ұзақ жылдарын еңбекке арнаған ардақты азамат Орынбек Абишаев 71 жасына қараған шағында мәңгілік сапарға аттанды.

Ол 1947 жылдың 2 қазанында Түркіменстан Республикасы, Ташауыз облысы, Жданов колхозында өмірге келген. 1964 жылы Ташауыз ауышаруашылық техникумында оқуын аяқтаған.

Алғаш еңбек жолын 1964 жылы Өзен геологиялық барлау экспедициясындағы «Қазақстанмұнай» бірлестігінде 5-дәрежелі көтергіш машинисі болудан бастаған. 1967 жылы В.И.Ленин атындағы политехникалық

институтына оқуға түсіп, 1972 жылы «тау инженері» мамандығы бойынша оқуын тәмамдаған. Одан әрі О.Абишаев мұнай өндіру саласы бойынша «ОМН» Маңғышлақ газ өндіру басқармасында қызметін жалғастырған. 1973-1986 жылдары қарапайым қызметкерден бастап әр түрлі инженерлік қызметтерді абыроймен атқарған ол еңбек жылдарында «Маңғышлақмұнай» бірлестігінде оператор, шебер, ауысым бастығы, басшының орынбасары, ЖҰЖ және ҰКЖ цехтарының бастығы, техникалық бөлімнің бастығы қызметтерінде болып, 1986 жылы МҚӨАЖ СКЖ басқармасының басшысы болып, одан 1994

жылы «Қаражанбастерммұнай» өндірістік ұйымына бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары және өндіріс жөніндегі вице-президенті болып ауысқан. 1994 жылы қайтадан «ӨзенМұнайГаз» ӨҰ-на сыртқы байланыс бойынша бас директордың орынбасары, өндірісті жүзеге асыру және жабдықтау саласы бойынша бас директордың орынбасары болып тағайындалған. 1996 жылы «ӨзенМұнайГаз» ААҚ-ның вице-президенті атанып, 1997 жылы жаңадан бой көтерген жас ұйым «КРУЗ» ЖШС-іне басшылық еткен.

Сол уақыттармен дөп келген ел экономикасының құлдырауы, Маңғыстаудың қатал климаты, арнайы техникалар мен бұрғылау қондырғыларының жетіспеушілігіне қарамастан бастапқыда 50-ге жуық қызметкерімен жұмысты бастаған жас ұйым, қазіргі таңда 1400-ге жуық маман еңбек ететін бәсекеге қабілетті, тұғыры мықты ұжымға айналып отыр.

Орынбек Абишаев 1997 жылдан бастап 2008 жылға дейін «КРУЗ» ЖШС-нің бас директоры

болып қызмет атқарып, 2010 жылы осы ұжым атынан құрметті зейнет демалысына шықты.

Өңірдің қанат жайып, Қазақстан мұнайының дамуына елеулі үлес қосқан азамат тынымсыз еңбегі мен төккен маңдай тері үшін «Өзенмұнай» МҒӨБ еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі мен «ҚазМұнайГаз» атты ескерткіш белгісімен марапатталып, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатын иемденген.

Қызметте адал, ортасына сыйлы бола білген ардақты азаматтың жүріп өткен жолы, ел қамы үшін жасаған еңбегі өзінен кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалары сөзсіз. Ел ағасының абыройлы істері мен жарқын бейнесі біздің бәрімізге мақтаныш және жадымызда мәңгі сақтала бермек. Жатқан жеріңіз жайлы болып, жаныңыз пейіште шалқысын, аяулы азамат! Алдыңыздан жарылқасын!

«Жазмыштан озмыш жоқ» демекші, қапелімде қаза болған азаматтың отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтып, барша тілеулес жандарға Алладан демеу тілейміз!

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС ұжымы

ЕСТЕЛІКТЕР:

«Мен басшымын» демей, қара жұмысқа бірдей араласатын

ГҮЛМИРА КУЛЬЧУКОВА,

«ӨзенМұнайСервис» өндірістік-технологиялық бөлімінің инженер-технологы:

– «Круз» мекемесіне 1998 жылы диспетчер мамандығы бойынша жұмысқа орналастым. Сол мезгілде құрылғанына жылға жуық уақыт болған мекеменің басшысы Орынбек Абишаев болды. Жаңадан негізі қалаған мекеме болғандықтан, бастапқыда, жұмысшыларға еңбек етуге ешқандай жағдай жасалмаған еді. Басшының көрегенділігінің арқасында біртіндеп жүйе қалыптасып, қызметтің сапасы арта түсті. Орынбек аға «Мен басшымын» демей, қара жұмысқа, жалпы еңбекке жұмысшымен бірдей араласатын. Өзі іске келгенде адал, әрі барын салып жасайтындықтан, басқалардан да соны талап ететін. Бойында қаталдығымен қоса, қарапайымдылығы да бар еді. Ақыл сұрап, көмек сұрап болсаң, жөн сілтеп, қол ұшын беруге даяр тұратын. Басшы ретінде көпке үлгі бола білген білікті жанның бірі еді.

Кез келген жұмысшымен тікелей байланыс орнататын

ҚАЙРАТ АБУЛГАЗИЕВ,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС Техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бөлімі басшысының орынбасары:

– Абишаев Орынбек – скважиналарды күрделі жөндеу жұмысының нағыз маманы. Күрделі жөндеу жұмыстарының барлық қырсырын ұққан адам. Өзі қара жұмысшыдан бастап, басшылыққа дейінгі қызметтерде болғандықтан кез келген жұмысшымен тікелей байланыс орнататын. Сондай-ақ, өндірістің деңгейін жауапты мамандар айтпай-ақ, өздігінен біліп, сезіп отыратын еді. Ол кісі үшін ылғи тәртіп бірінші орында тұрды. Қызметкерден басшы ретінде кез келген тапсырманың аяғына дейін орындалуын қатаң түрде сұрайтын. Өзінен кейінгі жастарға өзі үйретіп, жоғары талап қойып, үлкен сенім білдіре де білетін еді. Ұстаз ретінде, еңбек адамы ретінде, жай ғана азамат ретінде де Орекеңнен үйренеріміз көп еді. Иманың саламат болсын, ардақты азамат!

Сөздің емес, істің адамы еді

ТЕКЕБАЕВ НҮРЛЫБЕК

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС механикалық-энергетикалық бөлімінің басшысы:

– Орынбек Абишаев – ғұмырының саналы бөлігін осы мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына арнаған жан. 1998 жылы «КРУЗ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылып, алғаш жұмыс

жасай бастаған жылдары ешқандай техника, құрылғы, құрал-жабдықтар жоқтың қасы, соған қарамастан қиын-қыстау кезеңдерде табандылық танытып жоқтан бар жасаған адамдардың қатарындағы еңбекқор азамат. Кезіндегі «КРУЗ» қазіргі «ӨзенМұнайСервис» серіктестігінің негізін қалаған, қазығын бекіткен осы Орекең еді. Сөздің емес істің адамы еді. Ылғи ол белгіленген тәртіп пен нәтижелі еңбекті қолдайтын. Жұмысқа деген сақтықты бірінші өзінен іздесе, сонан соң өзінен кейінгі қызметкерлерге соны үлгі ететін. Адамгершіліктен аттап айтар артық әңгімесі жоқ азамат ретінде де ортасына сыйлы еді.

ФОТОЭТЮД



Маңғыстау өңірі

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде есепке қойылып,
№ 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй,
15 қабат, 1509 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бақдәулет Төлеген – B.Tolegen@kmgep.kz
Жұмагүл Темірғали – Zh.Temirgali@kmgep.kz
Бибігүл Бөбекбай – Pdsdo@umg.kmgep.kz
Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgep.kz
Қосұйым Мұқашев – K.Mukashev@emg.kmgep.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmgep.kz
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmgep.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: munailymeken@kmgep.kz

Газет айына 2 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
тел.: +7 (7132) 21 19 30